


«Балалар жарақатының алдын алу»

Жарақат деп бала ағзасына сыртқы ортаның қандай да бір факторы аяқ астынан әсер ету нәтижесінен, тіннің анатомиялық бүтіндігінің бұзылуы және онда физиологиялық процестердің болуын айтады.

Бала денсаулығын сақтаудың бір жолы жарақаттанудың алдын алу. Бала жарақаты әртүрлі жағдайлар мен себептерге байланысты болады. Сондықтан, негізгі назар балалармен жүргізілетін тәрбиелік жұмыстарға аударылуы тиіс. Бұл жұмыстар ата-аналар, тәрбиешілер, мейірбикелердің тығыз байланыста болуы арқылы жүргізіледі. Соғылу, сыну, шығарып алу және т. б. сияқты жарақаттар аяқ асты орын алады. Балалар ең алдымен қоршаған ортаның қолайсыздығы, көңіл бөлмеу, қамсыздық, асығыстық, жол ережелерін сақтамау, көшеде, үйде, ойын кезінде, күнделікті тұрмыста бала тәртібінің дұрыс болмауының және т. б. салдарынан жарақат алуға тап болады. Педагогтар мен ата-аналар жарақаттанудың алдын алу және болдырмау үшін мына бағыттарда жұмыс жүргізулері тиіс. қоршаған ортадағы қолайсыздықты, жарақат қаупін туғызатын жағдайлардан сақтану, оларды болдырмау; балаларды қауіпті жағдайлар пайда болу кезінде олардан сақтанудың қауіпсіз әдістері мен



тәсілдеріне үйрету. Жарақаттану түріне қарай **тұрмыстық, спорттық, көліктік жарақаттану** деп бөлінеді. Тұрмыстық жарақаттану жағдайлары мектеп жасына дейінгі балалар арасында жиі кездеседі. Қауіпті жағдайларды болдырмас үшін, сыртқы және ішкі өрттен сақтануға арналған баспалдақтар бала бойынан биік ағаш шарбақтармен қоршалуы тиіс. Ал балабақшадағы баспалдақ қанаттары үлкендердің бойынан төмен дайындалғаны дұрыс. Топ бөлмелерінің есіктері әйнек болмауы керек, өйткені балалар қозғалыс кезінде әйнекті оңай сындырып,

жарақат алуы мүмкін. Немесе, олар сынбайтын қалың әйнектен жасалуы керек. Жылыту батареяларын ағаш тіректермен қоршаған дұрыс. Кей жағдайларда балалар шкафтың, ілінетін сөрелердің, вазаның, шыны ыдыстың т. б. нәрселердің құлауы салдарынан жарақат алуы мүмкін. Жиһаздар құламайтындай мықты бекітілуі және оның үстінде тұрған заттар дұрыс орналастырулары тиіс. Аквариум, құстары бар торлар, ілулі кашподағы гүлдер, оларды баптап күтуге лайықты болу үшін, бала бойының деңгейінде орналасуы тиіс. Тамақтану кезінде балаларды үстел басына дұрыс отырғызбау, олардың ыстық тамақтан күйіп қалуына әкеледі. Сондай-ақ тәрбиеші мен ата-аналар баланы пышак пен шанышқыны дұрыс қолдана білуге үйретуі тиіс. Кезекші балаларға ыстық тамақ тасуға қатаң тиым салынады. Топқа ыстық тамақ әкелетін тәрбиешінің көмекшісі өте сақ болуы тиіс. Бала үнемі тәрбиешінің қатаң қарауында болуы керек. Ауылдық жерлерде топқа ыстық су әкелінетін жағдайларда қауіпсіздік қатаң сақталуы тиіс. Осылармен қатар дәрі-дәрмектермен улану жағдайлары да кездеседі, баланы әдемі қораптар қызықтырады, дәріні кәмпит екен деп жеп қоюы мүмкін. Балалар арам шөптермен уланып қалмас үшін, ойын алаңдарында улы жемістер өсетін бұталарды, арам шөпті жұлып отыру керек. Еңбек сабақтарында балалар кесетін, өткір, сүйір заттарды қолданбаулары тиіс. Балалардың ұсақ заттарды (ілгек, шеге және т. б.) ауыздарына салмауын қадағалау керек. Еңбек сабағына қажетті ине, қайшыны арнайы металл қорапшада ұстау керек. Ойын алаңдарында үлкен адамдарға арналған құралдарды балаларға пайдалануға болмайды. Жапырақ өртеу сияқты қауіпті жұмыстарға балаларды араластыруға болмайды, өйткені бұл балалар денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.

